



## ТӘҮЕЛСІЗ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ТУРАЛЫ СӨЗ

XVIII ғасырдың басында еліміздің батыс өңірінің өз еркімен қосылуын патшалық Ресей кейін өзінің отарлық саясатына айналдырыды. Тағдыр бұйыртқан тарих жобасымен сан ғасыр еркін өсіп, еркін дамып келе жатқан Ұлы дала, бүкіл түркі жұртының қасиетті орталығы Түркістан аймағы азаттықтан айрылып, тәуелді бұғауға тұсті. Отаршылдардың шовинистік саясаты, жер қатынастарындағы құрделі мәселелер, қарапайым адами құқықтардың бұзылуы, т.б. қазақ елінің наразылығын туғызбай қоймады. Өктемен езгі мен өзгеше озырылышқа төзбегендіктен екі жүзден астам бас көтеру болды. Сырым Датов, Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісов, Жанқожа Нұрмұхамедұлы, Есет Қөтібарұлы, Кенесары Қасымов, Әбдіғаппар Жанбосынұлы бастаған көтерілістер халық жадында мәңгілік қалды. Аттары қазақ тарихына алтын әріппен жазылған Алаштың алдыңғы толқын өкілдері өз елінің патшалық Ресейге тәуелділігін білмеді емес, білді. Тұңғыш ағартушы, ұлы ғалым Шоқан Уәлиханов «Сот реформасы жайындағы жазбасында»:

«Халықтың қалыпты түрде өсуі үшін ол дамудың қандай деңгейінде тұрса да: өзіндік дамуы, өзін-өзі қорғауы, өзін-өзі басқаруы және өзіндік соты болуы қажет» деп жазды [1, 103 б.].

Осы бір-ақ сөйлем, шындығына келгенде, ол кезде ойда жоқ тәуелсіздіктің тамаша формуласы болатын. Ал атақты кәсіби педагог Ыбырай Алтынсарин «Оренбургский листок» газетіне басылған мақаласында орыс переселендерін қазақ еліне әкеліп орнатпақ болғандар туралы: «Бұл пікір, меніңше, ешбір ақылға сыймайтын нәрсе сияқты. Егер істі дұрыс жүргізе білмесе, онда айттым да қойдым, қазақтар, – келешегі жақсы деп үміт етіп отырған осы халық, – тез құрып кетеді, содан кейін бұл істі ешқандай түзете алмайсың» деп жазды [2, 179 б.]. Хакім Абай өзінің Жиырма бесінші қара сөзінде «орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста зор» дей отырып, оның тілін, оқуын, ғылымын білгенде оның «пайдасына ортақ болумен қатар» «заарынан қашық болуды» естен шығармауды ескерткен болатын [3].

Бұл үзінділерден өз заманының озық ойлы тұлғаларының соншалықты көрегендігін қазір еліміз тәуелсіздік алғандаған айқын аңғарып отырмыз. Өз кездеріндегі қоғамда қалыптасқан саяси жағдайға осылай өз көзқарасын ашық білдіргендерімен, олар заманың кенже келе жатқанынан азаттыққа жетудің амалдары мен тәсілдерін, түпкі мақсатты айта алмады.

XX ғасырдың басында пайда болған Ресей империясындағы құрделі саяси өзгерістер ұлттық аймақтарды оятты, өзгеше ойларға жетеледі. Осының бір айқын көрінісі 1905 жылы 22 маусымда Семей, Ақмола облыстарының қазақтары Қоянды жәрмеңкесінде бас қосып, Петербургке 16 мың адам қол қойған өздерінің арыз-тілектері, кейін

Қарқаралы атымен аталаپ кеткен бұл құзырхатта қазақтардың діни көзқарастарына еркіндік, бітімші сот институттарын енгізу, қазақ даласына орыс шаруаларын орналастыруды тоқтату, т.б. мәселелер көтерілген еді.

Алаш ұлт-азаттық қозғалысы осы кезеңдерден бастау алды. Саяси саҳнаға Әлихан Бекейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мұстафа Шоқай т.б. көрнекті саяси тұлғалар үркердей топтанып шықты. Олардың бостандықты соншалық аңсағаны 1917 жылғы ақпан төңкерісінде Николай II тақтан түскенде айрықша білінді. Әлихан Бекейхан, Мұстафа Шоқай, Міржақып Дулатұлы үшеуі Алаш баласынан былайша сүйінші сұрап: «Азаттық таңы атты. Тілекке құдай жеткізді. Күні кеше құл едік, енді бұ құн теңелдік» деген мазмұнда хат жолдады [4, 168 б.]. Олар «турі жағынан да, мазмұны жағынан да ұлттық болатын мемлекеттік құрылымға қол жеткізуді», яғни дербес мемлекет құруды жақсы білді, алайда қалыптасқан саяси жағдайларды халық мұддесіне пайдаланып қалуды ойлап, әзірше автономиямен шектелген болатын.

Автономиядан

-

тәуелсіздікке

Мұндай тұрпаттағы мемлекет Қазақстан мен Орта Азияда алғаш құрылған Түркістан Мұқтариеті болды. Алайда кеңестік жүйе бұл жаңа құрылымды жойып, Қоқан қаласын қиратты. Большевиктер автономия басшыларының ұстанған Алаш партиясының «Федеративная республикада әр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады. Әрқайсысы өз тізгінін өз алып жүреді» деген қағидатты мәселесін қауіпті санады [4, 254 б.].

Кеңестік жүйе Түркістан Мұқтариетінің басшыларын жаппай тұтқынға алғанда аман қалған, бірақ басына 1000 сом тігілген Мұстафа Шоқай шетелге кетуге мәжбүр болды. Сонау Ташкенттен ұзақ жол жүріп, түрлі жағдайларды бастау кешіріп, Баку, Тифлис, Түркия арқылы 1921 жылғы мамырда Еуропаға, әділеттілік пен заңдылықтың, демократия мен ашықтықтың, бостандық пен еркіндіктің отаны Францияға жетіп, Париже тұрақтады. Осында жиырма жылдан астам тұрып, Түркістан үшін күресін қабілеттің күшімен, қаламның ұшымен, сан түрлі идеялармен жалғастырды.

Қоқанда орнамақ мемлекеттік құрылым туралы мәселе күн тәртібіне қойылғанда Алаш қозғалысы ұстанымына сәйкес автономия формасын қызғыштай қорғаған Мұстафа Шоқай саяси саҳнаға келген Кеңес үкіметінің табиғи болмысын ескеріп, ұлт азаттық қурестің мақсатын қайта қарап, басқаша шешімге келді. 1923 жылы Париждегі «Orient et Occident» журналында жарық көрген тұңғыш француз тілінде жазылған «Ресей саясаты және Түркістан ұлттық қозғалысы» деген мақаланың «Түркістанның тәуелсіздікке қарай бағытталуы» атты соңғы бөлімінде былай деп жазылды: «Патшалық Ресей үкіметінің ұстанған отарлау және орыстандыру саясаты, Ұақытша революциялық үкіметтің қасақана немесе білместен жіберген қателіктері, ең соңында Кеңес үкіметінің

бұрын-соңды болмаған қысымы Түркістан мұсылмандарын автономия бағдарламасын ұлттық тәуелсіздік бағдарламасымен ауыстыру қажеттігіне көндірген барлық себептерді құрауда» [5,756.]. Сөйтіп Түркістанның азаттығы үшін күрес тәуелсіздікпен ауыстырылды. Бұл 1929 жылғы желтоқсан айынан 1939 жылдың тамыз айына дейін Берлинде шығып, Түркістан ұлт азаттық қозғалысының жалынды туы болған «Яш Түркістан» журналының тұңғыш санында жарияланған «Біздің жол» атты алғашқы мақаласында Мұстафа Шоқай: «Біз, Түркістан тәуелсіздігін жақтаушылар, еліміздің еркі үшін және жұрттымыз Түркістанның бодандықтан құтылуы үшін күресеміз. Түркістандықтарда бұдан басқа жол болмаған. Қазір де жоқ және бұдан соң да болмайды» деп кесіп айтты [6,216.]. Ал 1930 жылы жазылған «Автономиядан – тәуелсіздікке» атты еңбегінде заманның басқа бір мазмұнда өзгергені, халқымыздың саяси жақтан есейгені, еркіндік өз қолына тигенде ғана ұлттық мұдде өз қалауынша шешілетіні атап көрсетті де: «Ұлттық тәуелсіздік – отаршыл озбырлардың езгісінен, талан таражысынан атамекеніміз бен халқымызды құтқару қозғалысы болып табылады» деп түйіндері [6, 115 б.]. Мұстафа Шоқай тәуелсіздік үшін крестің себептерін көрсету мақсатында Түркістандағы отарлық жағдайда қалыптасқан саяси-құқықтық, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді барынша талдап, жан-жақты ашып берді. Патшалық Ресейдің отарлау жүйесі жергілікті халықтың жерін иемденумен шектелмей, оның тіліне, дініне, діліне тиіскен болатын. Мұны Мұстафа Шоқай өзінің «Орыс тепкісіндегі Түркістанның ұлттық қозғалыстарынан. Жеңілмес ұлтшылдық» атты мақаласында былайша бағалап еді: «Дүниежүзінде Түркістаннан басқа да көптеген елдер бар. Ол жерлерде де ұстем ұлттың озбырлығынан жәбір шеккендер аз емес. Алайда дәл орыстың отаршылдық саясатында сүмдықтарды тарих әлі көрген жоқ» [6, 45 б.].

Ресей империясының саяси жалғасында болған кеңестік заманда да азаттық үшін крестің алдыңғы шебінде Түркістан өлкесі болғаны белгілі. Сол себепті мұны Мұстафа Шоқай былайша атап көрсетті: «Кеңес үкіметінің «ұлттық саясаты» басынан аяғына дейін ұлттық езу, қанау саясаты. Түркістандағы «ұлттық республикалар» дегеніміз – «сырты жылтырап, іші қалтырап түрған» мәнсіз, мағынасыз бірденелер екенін кеңес баспасөзінің өзі де теріске шығаруға дәрменсіз» болатын [6, 77 б.]. Сол себепті «Кеңес үкіметі тепкісіндегі халықтардың арасында толассыз бас көтеріп келе жатқан бір халық болса, ол – біздің түркістандықтар екеніне де шұбә болмаса керек. Оған себеп – Түркістандағы большевиктердің әдеттен тыс езуі мен қанауы, қатыгездігі болып отыр. Түркістан халқы большевиктердің жекелеген саясатына ғана қарсы күресіп жатқан жоқ, «орыс пролетариаты билігінің» тұтас жүйесіне қарсы күресіп келеді» [6, 85 б.].

Кеңес үкіметі көп ұзамай мекемелерін Түркістанның жергілікті халқына

жақынданту ісін өзінің ұлттық саясатының жаңа бір қыры ретінде санаған «жергіліктендіру» болатын. Осы тақырыпқа байланысты жазылған «Түркістандағы жергіліктендіру қандай мазмұндарды қамтиды?» деген мақаласында Мұстафа Шоқай «жергіліктендіру» сезінің төркініне көңіл бөліп, мұның іс жүзінде «орыстың ұлттық рухына негізделген пролетариат диктатурасынан басқа ештеңе емес» екеніне толып жатқан мысалдар келтіріп: «Түркістанда Кеңес үкіметінің жергіліктенліру саясаты, міне, осындай. Түркістандықтар бұдан абай болғандары жөн» деп кеңес берді [6, 43 б.]. Сондай-ақ Түркістан большевиктердің епкісіне қарсы құрес басталғаннан бергі он жыл ішінде халықтың көптеген құрбандықтарға душар болғанын ашына жазып: «Олар тіпті сүйікті атамекеніміздің «Түркістан» екенін де теріске шығарып, адамгершіліктің өлшемдеріне сыймайтын шектен шыққан шараларға дейін барып отыр. Және осы өздерінің пасық қылықтарын «Ленинизм» тұрғысынан негіздеуге тырысады» деді [6, 44-45 бб.].

Тәуелсіздік үшін Кеңес үкіметіне қарсы құрестің себептерін Мұстафа Шоқай келесі еңбектерінде де көрсеткен болатын. «Түркістан лениншілдеріне жауап» деген көлемді мақаласында Түркістанда ұлттық қозғалыстың барған сайын күш алып бара жатқанын, онда Кеңес үкіметінің ауыр қындықтарға тап болғанын, сол себепті онда «лениншілдердің» ара-тұра ұлттық революционерлерге қарсы шығып отырғанын, лениншіл мырзалар шындықты көре алған түркістандықтардың әрекетіне «шоқайшылдық» таңбасын басып, Түркістанның тәуелсіздік мұраттары жолында құресушілерді «шоқайшылдар» деп атауын, тіпті «шоқайшылдар» туралы кітап та басып шығарған кеңестік идеологияны жан-жақты сынай келіп, Мұстафа Шоқай: «Біз Түркістанның біржола және бүкілдей тәуелсіз мемлекет болуы туралы айта да, жаза да аламыз. Біз Ресейдің де немесе басқа бір шетелдіктердің де Түркістанға үстемдік жүргізуін қаламаймыз. Дәл бүгін Түркістан кеңестік Ресейдің тепкісінде жатқандықтан, біздің құресіміз сол елге қарсы бағытталып отыр» деп жазды [6, 65 б.]. Мақала «Біз тәуелсіз және азат Түркістан құрғымыз келеді» деген сеніммен түйінделді [6, 69 б.]. Ал «Рахым Анғам тәубесіне келді» деген мақалада большевиктер партиясының залалды бағытына қарсы шығып, наразылық білдіріп, оны Түркістанның түбіне жететін залым саясат дегені үшін партия мүшесі Рахым Анғамды жер аударып, оны тәубеге келуге мәжбүр еткен саясатты, Түркістанды құшпен жаулап алып, қырып-жойып қанға бөктірген жат күшке қарсы құрес былайша жазылған болатын: «Атамекенімізді басып алып, халқымды езіп қанап, өзбекті ұрып соғып, қазақты қырып жойып, қырғыз, тәжік, түркімен бауырларымызды тонап талап отырған жат күшке қарсы құреспей тұра алмайтынымды да ашық айтқым келеді» [6, 71 б.]. Сол сияқты «Ұлт мәселесі төңірегінде» атты мақалада Кеңес басшыларының «ұлттық

мәселе» турасында ешуақытта бірауызды болмағаны, олардың кейбіреулері бұл мәселені «ұлттардың өзін-өзі билеуі» түрғысынан қою пролетариат диктатурасы дәуіріне келмейді десе, енді кейбіреулері мұны езілген ұлттарды пролетариат диктатурасы жағына тартудың амалы деп түсіндіргендері жазылған еді. Өзара айтысып, қырқысқан большевиктерді бір жаққа қоя тұруды ұсынып, Мұстафа Шоқай: «Біздің күресіміз ең алдымен орыс пролетариаты үстемдігіне қарсы бағытталады. Біздің күресіміз тағы атамекенімізді орыс үстемдігінен құтқарып, өз тағдырымызды өз қолымызға алуымызға кедергі жасайтындарға қарсы бағытталады» деумен шектелмей, шын мәніндегі тәуелсіздік үшін қуресе беруге шақырды [6, 84 б.]. Ал «Кеңестік Қазақстанның он жылдығына орай» деген келесі мақаласында орыс отаршылдарының саясаты негізінде мұғажыр мәселесі жатқанын, сол себепті үкіметінің ұраны - «Сібірияны нағыз орыс Сібіриянына айналдырғаны сияқты, Түркістанды да нағыз орыс Түркістанына айналдыру» болғанын былайша түсіндірді: «Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін бұрыннан мәлім екі жол бар еді. Оның бірі: жергілікті халықтың материалдық және рухани өркендеуіне шек қойып, оны азып тозып, өліп бітуге душар ету. Екіншісі: бұл өлкеге орыс мұғажырларын көптең әкеліп, орыс көпшілігін жасау» [6, 103 б.]. Бұл екі бағыт та ешқандай қоспасыз жүзеге асырылды.

Мәскеудің Түркістандағы ұлттық саясатының мәні – халықтың ұлттық сана сезімін тұншықтыру, оның қандай болмасын көріністеріне жол бермеу, түрікшілдік белгілерін түбірімен құрту, ұлтымыздың өзіне тән рухани әлемін суалтып, оның орнына пролетариаттардың рухын орнатпақ болып отырғанын Мұстафа Шоқай «Большевизм – түрікшілдіктің жауы» атты мақаласында атап көрсетіп, олардың себебін, даму үдерісін, Түркістан түріктерінің ұлттық рухына, түрікшілдік қасиеттеріне қарсы рақымсыз қурес жүргізу – орыс большевизмі мен кеңестік Ресейдің Түркістандағы ұлттық саясатын қамтып отырған басты мазмұндар осылар деп жазды [6, 163-164 бб.]. Сонымен қатар мақаладағы тәуелсіздікті мұрат еткен қурескер үшін аса қажетті мына сөздерді де назарларыңызға ұсына кетейік: «Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін бе? Тарих ондайды көрген жоқ та, білмейді де. Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп дамиды, жеміс береді» [6, 166 б.]. Және ұлттық рухтың шынайы ұлтшылдық үдерісінде қалыптасатынын терең таныған қайсар тұлға халқымыздың мәдени және рухани саладағы жетістіктерінің барлығын ұлтшылдық қозғалыспен байланыста қарады.

Түркістанда ұлттық өкіметтің үстемдігінен басқа ешбір күшті мойындау негізіне құрылған, тәуелсіздік үшін қурес үдерісінде қалыптасатын ұлтшылдық идеясына «Орыс тепкісіндегі Түркістанның ұлттық қозғалыстарынан. Женілмес ұлтшылдық» атты еңбегінде

Мұстафа Шоқай мынандай түсініктеме берді: «Қанқұмар коммунистер халқымызға хайуандықпен зұлымдық істей отырып, ұлтшылдық идеясынан баз кештіре алар ма? Егер кімде кім бұл өлмес идеяны Мәскеудің күнде өзгеріп тұратын түсі сияқты деп білсе, сөзсіз қателескен болар еді. Ол – халқымыздың жаны мен жүргегі. Ұлттымыз өмір сүрсе, ол да бірге өмір сүреді» [6, 496.]. Мұстафа Шоқай тәуелсіздік үшін құресте аса қажет «ұлтшылдық» ұғымының мақсат мүддесін «Керенский және Түркістандағы ұлттық қозғалыс» атты мақаласында да былайша атап көрсеткен болатын: «Бұл күнде біздің бір ғана жолымыз бар. Ол – ұлттық құтқару жолы. Біздің мұраттымыз – ұлттық тәуелсіз Түркістан. Ұлтшылдық біздің, соның ішінде менің де, саяси идеяларымыздың соңы емес, басы. Олай болса біздің барлық іс қимылымыз өз билігіміздің өз қолымызға өтуін қамтамасыз ету тұрғысынан жасалуы керек» [6, 996.]. Ал «Большевиктердің «түрік достығы» атты мақаласында большевиктер өздері негізінен теріске шығаратын ұлтшылдықты кейде мақсатқа жету жолындағы құрал ретінде пайдаланудан бас тартпайтынын айта келіп, Мұстафа Шоқай: «Мәселен большевиктер европалықтарға қарсы қою үшін «қытай ұлтшылдығын» таниды және қолдайды. Ағылшындарға қарсы ұнді ұлтшылдығын да онды құбылыс деп санайды. Сонымен бірге оларды мойындан, қолдай отырып, ұлттың ішкі бірлігіне іріткі салуды, ондағы қүштерді өздерінің «пролетарлық тәңкеріс» идеяларына қарай икемдеуді де ұмытпайды» деп жазды [7, 196.]. Біз бүгін шынайы ұлтшыл күрескерлерге арналған «ұлтшылдық» ұғымынан қашып, «ұлтжанды» дегенді қолданамыз. Ал қазақ «жанды» деген сөзді әркез бағалай бермеген, теріс пиғылға да пайдаланған.

Түркістанның тәуелсіздігі үшін құрес мазмұны ұлттың рухани мәдениетін де қамтитынын терең түсінген Мұстафа Шоқай «Түркістан әдебиеті хақында француздар не айтады?» деген мақаласында жаңа шыққан және Париждің ең үлкен басылымдарының қатарынан орын алып үлгірген «Муа» («Le Mois») журналында басылған Түркістан әдебиетіндегі өлеңдер туралы өз пікірін білдіре келіп, былай деді: «Ал рухани мәдениетке келсек, ол мұлде басқа мәселе. Рухани мәдениет халықты есейтетін және жетілдіретін нәрсе. Рухани мәдениет үстем жауын табанда жусатып тастамағанымен, дүшпандарын мысымен басып, өзге халықтардың құрметіне ие бола алады», өйткені «Халқымыз жәй әншнейінгі адамдардың жиынтығы емес, өзіне тән мәдениеті бар қауым екенін, сондай-ақ қазіргі жүріп жатқан саяси талас-тартыстар тек «күн астынан бір жағырағиялық орын» алу үшін ғана емес, өз мәдениетін күллі әлемге, соның ішінде Еуропаға да таныту екенін білуге тиіспіз. Біздің ең басты саяси міндетіміздің бірі, міне, осындай» [6, 1716.]. Мұстафа Шоқай осы ойларымен «Тәуелсіздік» ұғымының мәні мен мазмұнын кеңейтіп, Түркістанның ұлттық рухқа толы поэзиясының ұлттық сана сезімнің оянуына тікелей ықпалын сөз етіп отыр. Сол

себепті автор: «Түркістан тек ұлт тәуелсіздігі үшін ғана емес, өзінің рухын өшіріп алмау үшін де күресуде», «Түркістан тек өзінің саяси тәуелсіздігі үшін ғана емес, сонымен қатар түріктің ұлттық рухани мәдениеті үшін де күресуде» деп жазды [6,172-173бб.]. Қоқан үкіметі большевиктер тарапынан қарулы қүшпен құлатылған күннің ертеңіне қарсылық пен көтерілістер басталған еді. Оның ұлттық және саяси себебі бар болатын. Осылай саясаттың жазылған «Түркістан бақытсыздығы және одан құтылудың жолы» атты мақаласында Мұстафа Шоқай Кеңес үкіметінің Түркістанға жат және жау екеніне, жаңа экономикалық саясаттың отарлық езгіні бұрынғыдан бетер ауырлатып жібергеніне толып жатқан дәлелдер келіп: «Түркістанның бақытсыздығы сол – большевиктік төңкеріс біздің әлі үйымдасып үлгірмеген балаң кезімізде шарпыды. Орыстың патшалық мекемелері біздің ұлттық дамуымызды тежеп келген болса, большевиктер басқаруы халқымызды ұлттық сезімнен жүрдай етуге, мұндай сезімді көкірегінен біржола сыйып тастауға тырысып отыр. Олар халқымызды орыс пролетариатының тепкісіне салды. Халқымыз мұндай қорлыққа төзбей, көтеріліске аттануда» деп жазды [6,226б.]. 1931 жылды большевиктік Ресейдің құлдық бұғауына түскен «Кеңес шығысында ұлттық республикалар» құру саясатының он жылдығын «Кеңесті біріктіру тарихының ең маңызды кезеңі», ұлттық республикалар Одағының тарихи жеңіс ретінде атап өтіп, тиісті мақалалар жер-жерде жарияланған болатын. Соның бірі Франция социалистерінің газеті «Пополерде» («Populaire» VI.05.) Үндістан ұлттық қозғалысы лидерлерінің бірі Войтхалыбхай Пательмен болған бір сұхбат еді. Онда Үндістанның тәуелсіздікті талап ететіні, ағылшындармен ешқандай бір ымыраға барғысы келмейтіні, шетелдіктермен елдің тәуелсіздігі туралы ашық сөйлесе беретіндігі туралы айттылған. Ал Кеңес Одағының туысқан халықтары «тәуелсіздік» туралы жұмған ауызын аша алмайтынын «Яш Түркістан» журналының 1932 жылғы №31 санында басылған «Қызыл отар» атты мақаласында Мұстафа Шоқай тап көрсете отырып, «Кеңестер Одағы» деген атау енгізген көрнекті коммунист Затонскийдің сөзінен мынандай үзінді келтіреді: «Біз айналамыздағы өлкелердің есебінен орталықты нығайтамыз. Егер Орталықты қүшету үшін төңірегіміздегі өлкелерді тонау қажет болса, біз оған да барған болар едік» [6,243б.]. Бұл коммунист қайраткердің ғана сөзі емес, бүкіл қеңестік жүйенің шынайы болмысы болатын. Совет көсемдері В.И.Ленин мен И.В.Сталин «ұлттардың өз тағдырын өзі белгілеуге» қатысты екі түрлі көзқараста болған еді. Бірі бұл құқықты ұлттардың өз алдына тәуелсіз үкімет түзу десе, екіншісі мұны бос қиял санады. Осылар талданған 1931 жылды жазылған «Ұлттық күрес майданында» атты мақаласында Мұстафа Шоқай отаршылдық саясат осындағы «екі фронтта күресу ұранымен» жүріп жатқанын сол кездегі партияның жетекші қайраткерлерінің өздері мойындағанын, бұдан ары

аз да болса ойлау қабілеті бар және адамдың қадір-қасиетін жоғалтпаған әрбір адам найзаның ұшымен жүргізіліп жатқан большевик көсемдерінің ұлттық мәселеде мұндай «екі беткей» саясатының ықпалында кете бермейтіндігі атап көрсетіп: «Ресейде бұрынғы патшалық орыстар, қазіргі қызыл большевик орыстар тарапынан жүргізіліп келген және жүргізіліп жатқан отаршылдық ұлттық саясаттан басқа, қайдағы бір лениндік ұлт саясаты деп аталатын, «шапағатты саясат» бар деп дәлелдеу үшін ол адам ар-ұяттан біржола безген болуы керек» деп жазды [6, 1526.]. Мұстафа Шоқай өз шығармаларында тәуелсіздік үшін қурестің амалтәсілдеріне жеткілікті көңіл бөлді. Осы бағытта қысқа ғана болса да, өзінің саяси мазмұны жағынан аса бір маңызды 1931 жылы жарық көрген «Алған бағытымыз айқын болсын» деген мақаласында орыс демократтарының саяси жарамсыздығынан Ақпан төңкерісінен ештеңе шықпағанын, Ресейде ұstemдік құрған большевизмнің тек орыстарға тән екенін орыс демократтарының көрнекті тарихшы ғалымы П.Н.Милюковтың өзінің де мойындағанын, сол себепті де кеңестік жүзеге қарсы толассыз күрес жүргізіп келе жатқан түркістандықтар екенін, олардың алған бағытының айқын, жұлдыздарының жарық болуы үшін және барлығы дерлік не істеу керектігін жақсы білетіндерін айта келе: «Сол себепті біз миллиондаған тұрғыны бар Ресеймен қуресте жеңіске жеткізетін ең тұра, ең тиімді жолдар мен тәсілдерді таңдап ала білуіміз керек» деп жазды. Ары қарай бұл сөздермен шектелмей: «...Біз өзімізben тағдырлас және өзіміз сияқты ұлттық тәуелсіздікке ұмтылып отырған халықтармен тізе қосып, күш біріктірудің жолдарын іздестіруіміз ләзім. Біз тек Еділ Орал, Қырым, Әзіrbайжан қатарлы өз бауырларымызben ғана тығыз байланыста болып қоймай, Кавказ халықтары, Украина және орыс казактарының тәуелсіз мемлекет құру жолына түскен бөлігімен ұйымдық тұрғыдан да, жеке тұрғыдан да тығыз байланыстар орнатуымыз қажет» деді [6,146-147б.]. Мұның себебін Мұстафа Шоқай ұлттық қозғалыстың жастығымен, ұлттық ұйымымыздың буыны беки қоймағанымен, «ұлттық бірлік» төңірегіне топтасқан түркістандықтардың, алған бағытының айқын, басқан қадамының анық, қимылдының ширақ бола алмай келе жатқанымен түсіндіріп, мақаланы: «Біз өзіміздің барлық іс-қимылдарымыз бен бой көрсетуімізде Мәскеудің қазіргі және ертеңгі диктатурасына қарсы күрес майданына жұмылған ынта-жігерімізді аз да болса басқа жаққа бұратындей ешбір іске бармауымыз тиіс. Алған бағытымыз айқын болсын ағайын! деген жалынды сөздермен аяқтады [6, 147б.]. Келесі 1932 жылғы «Яш Түркістан» журналының № 32 санында басылған, «Біз Түркістанды бөлшектеуді қабылдамаймыз», «Түркістанның рухани, саяси болашағы Түркістан түріктерінің бірлігінде жатыр» деген ойлармен басталатын «Түркістан түрікшілдігі» атты мақаласында Мұстафа Шоқай 1919 жылы Ташкентте шақырылған Мұсылман

коммунистері үйымдарының құрылтайында Тұрар Рысқұл бастаған Түркістан коммунистері Өзбек, Қазақ, Қырғыз, Түркімен, Татар және Башқұрт деп бөлінбей, бәрін бір ғана кеңестік республика етіп құру жөнінде қаулы қабылдағанын тұтас бірлікті терең сезінудің нақтылы көрінісі екенін байлашы мәлімдеді: «Түркістанның болашағы «тәуелсіз Түркістан» ұраны астында патшалық Ресейден бөлініп шығып, Түркістан мемлекетін құратын халық бұқарасының қолында. ...Біз бүгін ұлттық құтқару күресімізде, ұлттық құрылсымызды түркістандықтарды ру, ұлыстарға бөліп, іштен іріткі салатындарды Түркістан ұлтшылдық идеясы мен мұраттарының жаулары деп есептейміз. Қазақ, қырғыз, өзбек, түркімен ... бәрі бір кісідей жұмылып Түркістанның ұлттық ұраны астына топтаспайынша, Түркістанның болашағын қамтамасыз ету мүмкін емес» [6,256 б.]. Ал 1934 жылы жазылған «Кавказия федерациялық келісімі» атты мақалада Ресейге қарсы бағытталған ұлттық күрестердің мұддесі түрғысынан қарағанда Кавказ мәселесі айрықша маңызды екендігі аталаып, сол себепті әммиграциядағы Кавказ халқы өкілдерінің тәуелсіздік жолында күреске бағыттайтын «Кавказия федерациялық келісімі» үйымының құрылуы алда өз рөлін толық атқарып, атамекенімізді орыс империализмінің бұғауынан құтқаруға көмектеседі делінді. Сол себепті: «Біздерге – Ресейден бөлініп, өзіміздің тәуелсіз мемлекетімізді құру мақсатында күресіп келе жатқан халықтарға, Ресейге қарсы бағытталған ұлттық күрестеріміздің мұддесі түрғысынан қарағанда Кавказ мәселесі айрықша маңызды. Кавказ шебінің күші – бәріміздің күшіміз және әрқайсымызды жеке-жеке алғанда да – солай болып табылады. Кавказияның өзі де өзара бірлік түзіп қимылдағанда ғана тегеурінді бола алады. Осындай бірлескен тегеурінді шеп, міне, бүгін дүниеге келіп отыр» деп жазылды [7,346]. Мұстафа Шоқай Отанымыздың сыртында өткен әр жылды үміт және сеніммен қарсы алып келдік, бірақ олар ақталмағанымен үмітімізді жоғалтқанымыз жоқ, сенімімізді жылдан жылға күшейтіп келеміз деген сөздердің себебін «1939 жыл» атты мақаласында Түркістанды құтқару жолындағы күрестің әділеттілігі және қасиеттілігімен түсіндірген болатын. Сонымен қатар ұлттық күрестің қазіргі кезеңінде іс қимыл жолы мен тәсілдерінің өзгергеніне назар аударып, орыс большевизміне дүшпан адамдардың бәрін, сондай-ақ мұсылман атаулының бәрін тілекtes немесе дос деуге болмайды деген мақала соңы: «Жаңа 1939 жылды біз үзілмес үміт, шексіз сеніммен қарсы алайық. Егер біз ішкі бірлікті сақтап қала алсақ, дүшпанның кім, досымыз кім екенін қатесіз айыра алсақ, үмітіміз бен сеніміміз еселеп артатын болады», «1939 жыл бізге – түркістандықтарға және майдандас достарымызға – мұғажырияттағы ең соңғы жыл болсын! Тәуелсіз және егемен Түркістан жасасын!» деген армандармен көмкерілген еді [7,342б.]. Кеңес үкіметі Түркістан Мұқтаријатын құлатқаннан соң өлкенің әр жерінде көтерілістер бой көтерген болатын. Алайда оларда парасатты

жоспар, айқын мақсат бірлігі болмады. Сондықтан мұндай күшті жену большевиктерге қиындыққа түспейтін. Осыларды атап көрсетіп, Мұстафа Шоқай өзінің 1930 жылы жазылған «Көтерілістен - ұйымшылдыққа» (Көтерілістен ұйымға) атты мақаласында Түркістанда жан тәзгісіз жағдайда ашынғаннан туып жатқан әртүрлі көтерілістерді негізді деп түсінгенмен жалпы халықтың мұддесі мен азаттық мұраттары тұрғысынан оларды қолдауға болмайды, өйткені Кеңестер Ресейінде жағдайдың өзгергені, соған орай қрестің жаңа жолдары мен тәсілдері қажет дей келіп: «Өзара байланысы жоқ жергілікті сипаттағы мұндай бой көрсетулермен большевиктер тепкісінде жатқан атамекенімізді құтқару мүмкін болмайтынын бір сәт те естен шығармауымыз керек» деп жазды [6, 866.]. Мұнымен шектелмей, орыс большевиктерінің шектен тыс езуі мен қанауы болып отырғанын естен шығаруға болмайтынын тағы да қатаң ескертіп: «Біздің ұлтты құтқару жолындағы құресімізде табыстарға жетуіміз бен өз тағдырымызды өз қолымызға алуымыз ұлтымыздың ауыз бірлігіне байланысты» деген сөздермен бұрынғы ойларды кеңейте түсті [6,876.]. Ұлт азаттығы жолында құресушілер – Ресей ұstemдігіне қарсы құш біріктірудің қажеттігін жақсы сезінетінін, бірақ мұндай күшті біріктіру қажетті деңгейде жүзеге аспай отырғанын атап көрсеткен 1932 жылғы жарық көрген «Шептерімізді біріктірейік» деген мақаласында Мұстафа Шоқай: «Ұйымдарымыз бытыраңқы. Арапарында жүйелі байланыс жоқ. Іс-қимылымызды біріктіру жөнінде мықтап ойланатын уақыт келді. Біздер - Кавказ, Украина, Түркістан, Еділ Орал, Қырым және егеменшіл казактардың - құштерімізді біріктіріп, бір мықты ортақ ұйым құруымыз тиіс. Бұл орталыққа біріккен әрбір ұлттық ұйым өз дербестігін сақтай отырып, сонымен қатар орыстың большевиктік немесе большевиктік емес империалистеріне қарсы қресте біздің ұлттық бірлігімізді қамтамасыз ететін болады» деп жазды [6, 2406.]. Бұл ойлар ары қарай пысықталып, мақала: «Біз, «орыс жерінен» бөлініп тәуелсіздік үшін құресуші ұлттар, күшімізді біріктіріп, қатарымызды нығайтайық» деген сөздермен аяқталды [6, 2406.]. Осы жылы жарық көрген келесі «Шептерімізді бірлестіру хақында» атты мақалада 1918-1921 жылдары орыс империясы қарамағындағы орыс емес өлкелерде басталған ұлт азаттық қозғалыстар мақсаттарының ала құла болуынан, берік бірлік орната алмағандықтан бодандыққа түсken боатын. Басқа да себептердің болғанын айта келіп, Мұстаф Шоқай қазір барлық үшін ортақ мақсат бар, ол тәуелсіз ұлттық мемлекет құру, ол үшін жалғыз ғана жол бар, ол - Ресей империализміне қарсы бағытталған саяси қресте барлық құштерді біріктіріп, бірыңғай майдан құру қажеттігін атап көрсетіп, оның себебін «Жауымыз күшті. Ол біздің барлық өмірлік мәні бар буындарымызды өз қолында ұстап отыр... Сол себепті біздер армандалап отырған мақсатымызға жетудің бір ғана жолы бар десек, ол жол - тәуелсіздік жолындағы барлық құрескерлердің күш біріктіруі» керек

Түркістанды бөлшектеуді қабылдамаймыз, өйткені Түркістанның рухани, саяси болашағы Түркістан түріктегінің бірлігінде жатыр деген ойлар бар салмағын көтеріп тұрған «Түркістан түрікшілдігі» деген мақаласында Мұстафа Шоқай 1919 жылы Та什кентте шақырылған Мұсылман коммунистері ұйымдарының құрылтайында Тұrap Рысқұлов бастаған Түркістан коммунистері Өзбек, Қазақ, Қырғыз, Түркімен, Татар және Башқұрт деп бөлінбей, бәрін бір ғана кеңестік республика етіп құру жөнінде қаулы қабылдаудағы бірліктің қадір-қасиетін терең сезінуді ұсынған еді. Одан ары Түркістанның болашағы «тәуелсіз Түркістан» ұраны астында Ресейден бөлініп шығып, Түркістан мемлекетін құратын халық бұқарасының қолында екенін былайша жазған болатын: «Біз бүгін ұлттық құтқару құресімізде, ұлттық құрылышымызда түркістандықтарды ру, ұлыстарға бөліп, іштен іріткі салатындарды Түркістан ұлтшылдық идеясы мен мұраттарының жаулары деп есептейміз. Қазақ, қырғыз, өзбек, түркімен, бәрі бір кісідегі жұмысып Түркістанның ұлттық ұраны астына топтаспайынша, Түркістанның болашағын қамтамасыз ету мүмкін емес» [6, 2566]. Большевиктер тепкісінде жатқан атамекенді азат ету үшін қурес тактикасын Мұстафа Шоқай орыс тілінде жазылған мына мақалаларында да арнайы көтерген болатын. Бірер мысал келтіре кетелік. «Түркістандықтардың бақытсыздығы және одан құрылудың жолы» («Несчастье Туркестана и пути избавления от него») деген еңбегінде Түркістандағы көтерілістің Қоқан үкіметі құлаған күннің ертеңіне басталғаны, Кеңес үкіметінің жаңа экономикалық саясаты түркістандық отарлық езгіні бұрынғыдан бетер ауырлата түскені жазылған болатын. Оның ұлттық және саяси себептері – Түркістандағы экономикалық қайшылықтар, мемлекеттік аппараттардың «ұлттандырылмауы», өлкеде орыстардың бұрынғыдан әлденеше есе көбеюі, т.б. мәселелер еді. Мұның барлығы тіпті кешегі «ұлттық большевиктердің» көзін ашқанын айтЫп, Мұстафа Шоқай осы және басқалармен бірге тағы бір аса маңызды мәселені көтереді, ол жеке дара қурестің тиісті нәтижеге жете алмайтындығы. Саясаткер пікірінше, түркістандықтардың бақытсыздығы көтерілісшілер ұйымының әлсіздігінде, басшылықтың күшті бір саяси орталыққа ие бола алмауында, сондықтан қарсылықты партия, үкімет аппараттары ішіндегілермен байланыстырғанда және Ресейге қарсы қуресіп жатқан басқа халықтардың құресімен үйлестіре алғанда ғана бостандыққа және тәуелсіздікке жету мүмкін болады [8,122-12566]. Ал 1933 жылдары жазылған «Кемшіліктерді жою – жеңіс жолына тұсу» («Преодолеть недостатки – значит вступить на путь победы») атты мақаласында Мұстафа Шоқай Қоқан үкіметінің құлауын еске түсіріп, жеңілістің басты екі кемшілігі болғанын, оның біріншісі – сыртқы күштің өздеріне тікелей қатысы болмаса да басымдығы, екіншісі – тікелей өздерінің

саяси жетілмегендері, ұлттық сананың әлсіздігі екенін, бірақ оларды жоя алмағандарын атап көрсетті. Түркістан ұлттық біrlігін нық түсініп, осыны іске асырғанда ғана жеңе аламыз, әрқайсымыз жеке және бәріміз бірге жалпы ұлттық мәселеге өзімізді жеке бағындырған жағдайда ғана еркіндігіміз бен тәуелсіздігіміз жеңіске жетеміз деген еді [9, 72-76 бб.]. Осылай Мұстафа Шоқай өзі көрген, елден жеткен материалдарға кеңестанулық ғылым тұрғыдан талдау жасап, баға беріп, бұл бағытты жаңа интеллектуалдық көкжиеекке көтерді. Сондықтан да оны белгілі мұстафатанушылар кеңестану ғылымының негізін салушылардың бірі деп атайды [10, 607б.]. Бұған Мұстафа Шоқайдың шетелде, Францияда болғаны мүмкіндік туғызды. Ол көтерген проблемаларды елдегі басқа Алаш жетекшілері білмеді емес, білді. Алайда қатал цензура олардың аузын аштырмады, сөздерін баспасөз бетінде бастырмады. Осы сәтте қағидатты бір мәселеге назарларыңызды аудара кетейік. Мұстафа Шоқай Ресейді сынағанда оны орыс халқының Отаны ретінде емес, патшалық билік пен кеңестік жүйенің орталығы болғаны, олардың ұлттық саясаттарының әділетсіздігі үшін сынады. Халыққа қарсы емесін, халықты басқарып отырған басшыларға қарсы сөзбен құресетінін айта келіп, Мұстафа Шоқай: «Біз барлық халықты құрметтеуге тиіспіз. Мемлекет үшін бір халықтың өзге халықтан айырмасы жоқ. Географиялық жағдайымыз да Ресеймен достық және бейбіт қатынаста болуымызды талап етеді» деп жазған болатын [11, 221б.].

Ұлттық мемлекет үшін құрес

Жоғарыда аталған «Біздің жол» атты мақаласында Мұстафа Шоқай саяси қурестің нақты мақсатын да айқындаған болатын. Ол былайша бейнеленді: «Большевиктер «Түркістан республикалары түрі – ұлттық, мазмұны – пролетарлық деседі. Ал біздің мұратымыз – Түркістанда түрі жағынан да, мазмұны жағынан да ұлттық болатын мемлекеттік құрылымға қол жеткізу болмақ. Сонда ғана халқымыз өз жерінің нағыз қожасы бола алады» [6, 22 б.]. Мұстафа Шоқай Стамбұлда шығатын «Ақшам» газетінде басылған «Агент Лауренс Түркістан халқын орыстарға айдап салды» деген мақалаға байланысты жазылған «Түркістан ұлттық құресінің себептері мен мақсаттары» атты мақаласында бірнеше мәселе көтерген еді. Біріншіден, бұдан Лауренс немесе сол сияқты біреу болмаса, Түркістан халқы орыстарға қарсы көтерілмеген болар еді деген қорытынды шықпауы керек. Екіншіден, Түркістандағы большевиктерге қарсы қозғалыс 1916 жылы патшаның белгілі үндеуіне жауап ретінде басталды. Үшіншіден, бұл халқымыздың отарлауға деген ашу ызасы, орыс империализмің бұғауынан құтылуға деген қарсылығы болатын. Рас, көтеріліс жеңіліске ұшырады. Бірақ патшалық үкіметтің құлағанын көрген қуаныш көп ұзамады. Оның орнына орыс жұмысшылары мен соның диктатурасының үкіметі өмірге келіп, Түркістан кеңестік

Ресейдің отарына айналды. Осылардың барлығын баяндап, Кеңес үкіметінің өлкелерде жүргізіп отырған ұлттық саясаты жергілікті халықтарды қарсы көтерілмеуге қоймады дей келіп, Мұстафа Шоқай: «Түркістан шет жұрттықтардың бұғауында қалғысы келмейді. Түркістан түріктері ұлт ретінде құл болғысы келмейді. Олар өз халықтарының мұддесі үшін, тәуелсіз ұлттық мемлекетін құру үшін құресетін болады. ...Ұлттық Түркістан, міне, 13 жылдан бері өзінің ұлт азаттығы үшін құресіп келеді. Ол бұл құресті қашан тәуелсіздігін жеңіп, жеңіске жеткенге дейін жалғастыра беретін болады» деп жазды [6, 175 б.]. Мақала: «Түркістандықтардың қазір бір ғана тілегі бар. Ұлттық мемлекет түрінде өмір сүрудің қадыр қасиетін бізден гөрі жақсы білетін туысқан Түркиядан біздің бостандығымыз беретін болады. ...Түркістанда ұлттық тұтастық пен ұлттық мемлекеттік құрылымнан өлердегі қорқатынын атап көрсеткен, 1931 жылы жарық көрген «Кеңестік Орта Азия федерациясынан Түркістан ұлттық тәуелсіз мемлекетіне» атты мақаласында Мұстафа Шоқай: «Біздің мұратымыз - бөлінбейтін біртұтас Түркістан. Біз келешекте Түркістанымызды бөлінбес біртұтас ұлттық мемлекет түрінде көргіміз келеді. Жағдайдың табиғи дамуына ілесіп, оның құрамындағы бірнеше уәлаяттар автономия түрінде құрылуы да ықтимал. Келешектегі тәуелсіз Түркістан үкіметінің ең басты міндепті - байыпты да парасатты саясат жүргізе отырып, бүкіл түрік атаулыны бір қазанда қайнатып, ақырында, бір ұлы ұлттық мемлекет түзу болып табылады» деді [6, 141 б.].

[6, 174]

б.]

Кеңес үкіметі Азамат соғысын аяқтап, орталық билікті бірсыныра нығайтып алғаннан кейін, «бөлшекте де, билей бер» деген ұранмен ұлттық аймақтарды рулық республикалар мен автономияларға бөліп, тұтас Түркістан негізінде Орта Азиялық федерациясын құрылғанын, большевиктердің Түркістанда ұлттық тұтастық пен ұлттық мемлекеттік құрылымнан өлердегі қорқатынын атап көрсеткен, 1931 жылы жарық көрген «Кеңестік Орта Азия федерациясынан Түркістан ұлттық тәуелсіз мемлекетіне» атты мақаласында Мұстафа Шоқай: «Біздің мұратымыз - бөлінбейтін біртұтас Түркістан. Біз келешекте Түркістанымызды бөлінбес біртұтас ұлттық мемлекет түрінде көргіміз келеді. Жағдайдың табиғи дамуына ілесіп, оның құрамындағы бірнеше уәлаяттар автономия түрінде құрылуы да ықтимал. Келешектегі тәуелсіз Түркістан үкіметінің ең басты міндепті - байыпты да парасатты саясат жүргізе отырып, бүкіл түрік атаулыны бір қазанда қайнатып, ақырында, бір ұлы ұлттық мемлекет түзу болып табылады» деді [6, 141 б.].

Бұл идеялар «Социалистік Қазақстанның» 1932 жылғы 10 маусым күнгі санында бұрынғы алашордашылар Әуезұлы Мұхтар мен Ермекұлы Фалымханның өз қателіктерін мойындаған хаты жариялануына қатысты жазылған «Тәубеге келген «алашордашылар» деген мақаласында былайша қайталанды: «Біздің ұлттық мұраттарымыз - азат және тәуелсіз ұлттық Түркістан мұраты - жеке адамдардың әлсіздігі мен Мәскеу диктатурасының террорлығына қарамастан жасай беретін болады. Және біз оған, сөзсіз, сенеміз» деп жазды [6, 272 б.].

Бұл Алаш көсемдерінің жас таланттардың болашағын ойлаған амалдары болғаны туралы сонау институт қабырғасында филология ғылымдарының докторы, профессор Әуелбек Коныратбаевтан естіп едім. Қазір Мұхтар Әуезовсыз қазақ әдебиетін көзге елестету мүмкін емес екенін еске түсіре отырып, осы ой иелеріне бас июден басқа не істеуге, не айтуда болады?! 1917 жылғы «Ұлы төңкеріс» деп аталған Ақпан төңкерісі патшалық

отарлық жүйені тас-талқан қылып, оның тепкісіндегі халықтардың өз тағдырларын өздері шешуіне қадам жасатып, олардың ұлттық мемлекеттігін құруына жол ашқанымен, осы төңкерістің сегізінші жылында «орыстың тағы бір залым жүйесі», орыс пролетариатының диктатурасы орнап, ұлттық мемлекет құру бағытындағы үмітті су сепкендей өшіргені белгілі. Осыған байланысты «1937 жыл» деген мақалада Мұстафа Шоқай Ресейдегі ұлттық мемлекет құру сәтін жақыннату үшін құресіп келе жатқанын, оған қол жеткенін көрумен шектелмей, оны құру істеріне де қатысқысы келетінін айта келіп: «Біздің үміттеріміз бен армандарымыздың орындалуына ешқандай шұбә келтірмейміз, сонымен қатар сол бір бақытты құндер біз ойлағандай тез жақындауына байланысты туған уайымымызды да жасырмаймыз. Сол үшін де біз барлық құш қуатымыз бен ақыл парасатымызды атамекеніміздің азат болатын күнін жақыннатуға бұдан былай да жұмсай беретін боламыз» деп жазып еді [7, 213 б.]. Бұдан ары мақалада ұлттық мемлекет үшін құреске бел байлап кіріскең адамдар үшін аса қажетті қасиеттер – үміт, сенім, иман екенін, бірақ та бұлармен бірге жеңіске жету үшін білім қуаты қажеттігін айта келіп: «Техникалық білімге ие болу, қару-жарақтарды емін-еркін қолдана білу керек. Олай болса, азаттық құреске аса қажет нәрселер – үміт, иман, сенім тәрізді рухани-моральдық факторлармен бірге ғылыми-техникалық білімнің өзара тығыз бірлігі. Азаттық қуресте бұдан басқа тұра әрі қысқа жол болмайтынын зердемізге тоқып, санамызға сініріп алғанымыз жөн» деп жазған болатын [7, 214 б.]. Автор осылай рухани бірлікті маңызды фактор деп есептеп, оны алға шығарып мақаланы: «Біз – Түрістан мұғажырларының алдында бір ғана міндет тұр. Ол – ұлт азаттығы жолында құресу міндеті. ...Біз барлық отандастарымызды үміт, иман, сенім тәрізді моральдық құш пен ғылыми-техника қүшін бірлестіре отырып, ұлт азаттығы жолында жұдырықтай жұмылуға шақырамыз» деген сөздермен аяқтады [7, 214б.].

1935 жылғы 5 маусымда Парижде шығатын «Құнделік бюллетень» («Bulletin Quotidien») атты журналда басылған «Кеңестер қол астындағы Түркістанның саяси дамуы» атты бас мақалаға байланысты жазылған «Түркістан туралы француз тілінде жарияланған бір мақала» атты қысқа ғана материалда Түркістан халқының құқық талаптарына арналған бөлігінде екінші Николай патша тұсында Түркістан халқы бақытты өмір сүріп жатыр дегенін атап көрсетіп, біздің ұлттық мұратымыз патшаның боданы болған заманға қайтып оралу емес дей келіп, Мұстафа Шоқай: «Біздің ұлттық талаптарымыз – Түркістанды жат жүрттықтардың тепкісінен біржола құтқарып, өз тәуелсіздігімізді өз қолымызға алып, ұлттық мемлекетімізді құру. Большевиктерге қарсы жүргізіп жатқан құрестеріміз – біздің сол мақсатқа жету жолындағы іс қимылдарымыз берілгендеріміз болып табылады» деді [7, 95 б.]. Париждегі эмигранттар құрған Украина – Түркістан – Кавказ халықтары достық комитетінің

өтініші бойынша 1937 жылғы 8 мамырда атақты тарихшы және ұлт мәселесімен көптен айналысып келе жатқан украин ұлтының өкілі Мақсим Антонович Славинский «Кеңес Одағындағы ұлттық мемлекет мәселесі» атты тақырыпта баяндама жасаған болатын. Осымен байланысты жазылған мақаласында эмигрант, кешегі Уақытша үкіметтің басшыларының бірі А.Ф.Керенский «Кеңестер Одағы аумағында өмір сүріп жатқан ұлттарды тең құқықты ету үшін өткізілетін келіссөздердің негізгі шарттары» деп екі мәселе ұсынғаны туралы Мұстафа Шоқай өзінің «Ресейдегі ұлттық мемлекет мәселесіне орай» деген мақаласында мұндай шарттар келісімге қатысушылардың бәрі де ұлттық мемлекеттің, саяси тәуелсіздігін қорғауда тең жағдайда болуына негізделетінін атап көрсеткен еді. Атамекеніміздің Керенскийдің ұлты тарапынан бодандыққа түсіріліп, қазір де соның тепкісінде екендігін, егер бүгін Ресей өз атымен аталмай, Кеңестер Одағы деп аталып отырған болса, бұл істің мәнін өзгерте алмайтынын, еліміз қазір де сол Ресей патшасы құрған мемлекеттің езгісінде қалып отырған жағдайда Түркістанда мұндай мүмкіндіктің жоқтығын ескеріп, Мұстафа Шоқай: «Сол себепті осындай жолмен біріктірілген мемлекет ішінде ұлттардың ерікті түрдегі тең құқықты одағын құруға ешқандай орын қалмайды» деп жазды [7, 253 б.]. Мұстафа Шоқай ұлттық мемлекет мәселесіне 1937 жылдары жазылған «СССР дегі ұлттық мемлекеттік проблема» («Национально государственная проблема в СССР») атты мақаласында өз идеясына басқа қырынан келіп: «Біздің халқымыз КСРО ішінде реформаны, өзінің жағдайын жеңілдетуді және жақсартуды талап етпейді. КСРО дан түгел ажырауды және өз алдына ұлттық мемлекет болуды қалайды. Біздің халқымыз – ұлттық азшылық емес, КСРО шекарасында күшпен ұсталып отырған ұлken ұлт, сондықтан мәселе ұлттық қана емес, ұлттық мемлекеттік туралы болып отыр» деп кесіп айтты [12, 405 б.]. Мұстафа Шоқай осылай тәуелсіздік пен ұлттық мемлекетке жетудің амал-тәсілдерін де осылай жан-жақты қарастырған болатын. Осы мақсатта ұлы құрескер өзінің бар күш-жігерін, қабілет-қарымын ақтық демі шыққанша өзі саяси жүйесімен келісе алмаған кеңес өкіметінің халыққа жат саясаты туралы әділ, объективті көзқарас қалыптастыруға жұмысады. Бұған Түркістан Мұқтариеты құлап, шетелге кетуге бет бұрып, алғаш Грузияда екі жылдай тұрғанда, 1920 жылы жазылған алғашқы мақалаларының бірі «Ұлт мәселесі және Түркістандағы ұлтаралық қатынас» атты мақаласынан 1941 жылғы 8 маусымда жазылған «Түркістан мәселесі хақында» («К постановке проблемы Туркестана») атты соңғы мақалаларының біріне дейінгі шығармашылық жұмысының мазмұны толық дәлел бола алады. Алғашқы мақалада автор дәстүр бойынша ұлт мәселесі халықтың азшылық бөлігін құрап отырған топтар туралы айтылатын болса, Түркістан тәжірибесі оған кері, өлкеде көпшілікті құрап отырған халыққа қатысты болып отыр деп жазған

болатын. Екінші мақалада Мұстафа Шоқай өзінің өмірлік ұлттық арманына тағы да оралып, Түркістанның басынан өткен тарихына, большевиктер Ресейде саяси билік басына келгеннен кейінгі Түркістан автономиясын қысқаша баян етіп, басқа аймақтарға қарағанда Түркістанның империялық Ресейдің қанауына қебірек ұшырағанын, сондықтан да құрестің советтік кезеңінде де жалғаса түскеніне тоқталды. Одан ары алдағы міндетті айқындалп, Түркістан және кеңестік Ресейдің барлық басқа орыс емес шеттері аймақтарын ортақ жауға қарсы қуреске жұмылдырылатындей біріккен қурес майданы құрылуы керектігі туралы тұжырым жасалды [13, 139-140 бб.]. Осылай бірнеше шығармаларға арқау болған аса қасиетті ұғымдар болып саналатын ұлттық тәуелсіздіктің мұраты «ұлттық мемлекет» туралы Мұстафа Шоқай 1936 жылы Берлин радиосынан Түркістан жастарына арналған сөзінде былайша керемет бейнеленген болатын: «Біздің құбыламыз – өзіміздің атажұрттымыз, өлкеміз Түркістан болмақ! Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру – бәрімізге бір мақсат, бір мұхабbat уәзиға болмақ. Мұны ұмытпау керек! Түрік халқы – батыр халық, түрік халқы – арыстан, ер халық» [12, 48 б.].

(Жалғасы бар)  
Әбдіжәлел БӘКІР